



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 3 ақпан

«Цеснабанк» АҚ-тың «Банк ЦентрКредит» АҚ-пен ықтимал қосылуына қатысты

Ұлттық Банк «Цеснабанк» АҚ, «Цесна» қаржы холдингі» АҚ және Бақытбек Рымбекұлы Байсейітов арқылы олардың акцияларының үлесін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың орналастырылған акцияларының жалпы санынан 41,93% мөлшерінде басымдықпен сатып алушылар ретінде KOOKMIN BANK консорциумын таңдау туралы «Цеснабанк» АҚ-тан ресми хабарлама алды.

Ұлттық Банк, тұтастай алғанда, банк секторын шоғырландыру жөніндегі бастамаларды қолдайды, олар банктерді капиталдандыруды ұлғайтуға және клиенттерге қызмет көрсету бойынша қолданыстағы бизнес-процестерді жақсартуға ықпал ететін болады.

Ұлттық Банк банк бизнесінің тиімділігін арттыруға бағытталған ықпалдастыру процестерін тез арада аяқтау жөнінде банктерге қажетті қолдау көрсетуге дайын.

Заңнаманың талаптарына сәйкес бұл мәмілені іске асыру банктердің депозиторларының, кредиторларының, өзге де клиенттерінің және қарсы агенттерінің халықаралық міндеттемелерді қоса алғанда, шарттар бойынша құқықтарын және заңды мүдделерін сақтаған жағдайда ғана мүмкін болады.

Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz